

Жаңақорған ауданының кент және ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 237 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 6377 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3 бабының 3-1 тармағына және "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" 2017 жылғы 7 тамыздағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің № 295 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 15630 нөмірімен тіркелген) сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырган Жаңақорған ауданының кент және ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті бекітілсін.
2. Осы шешім Жаңақорған кенті мен халық саны екі мың адамнан көп ауылдық округтер үшін алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап, халық саны екі мың адам және одан аз ауылдық округтер үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық

мәслихатының кезекті

XXII сессиясының төрағасы

М. Балқожаев

Жаңақорған аудандық

мәслихатының хатшысы

Е. Ильясов

Жаңақорған аудандық мәслихатының

2018 жылғы 20 маусымдағы № 237

шешімімен бекітілген

Жаңақорған ауданының кент және ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті

Ескерту. Қосымша жана редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 27.12.2021 № 150 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті (бұдан әрі – регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-3-бабына және

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бұйрығымен бекітілген жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентіне сәйкес өзірленді.

2. Осы регламентте қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастық жиналышы (бұдан әрі – жиналыш) – жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге қатысуы;

3) жергілікті маңызы бар мәселелер – реттелуі Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының басым бөлігінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты аудан, ауылдық округ және кент мәселелері;

4) жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихат және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;

5) жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілі.

3. Жиналыш регламентін Жаңақорған ауданының мәслихаты бекітеді.

4. Жергілікті қоғамдастық жиналышының құрамын жергілікті қоғамдастық жиыны төрт жыл мерзімге айқындайды және жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген кандидаттар қатарынан құрылады.

Бұл ретте, жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық жиналышы мүшелерінің (бұдан әрі – жиналыш мүшелері) саны ауылдық округ (кент) халқының жалпы санына байланысты айқындалады:

- 1) 10 мың халықта дейін – жиналыштың 5-10 мүшесі;
- 2) 10-15 мың халық – жиналыштың 11-15 мүшесі;
- 3) 15-20 мың халық – жиналыштың 16-20 мүшесі;
- 4) 20 мыңдан астам халық – жиналыштың 21-25 мүшесі.

5. Жергілікті қоғамдастық жиналышының құрамын қалыптастыру кезінде бөлек жиындар өкілдерінің саны олардың халқының санына барабар айқындалады.

6. Бірнеше елді мекендерден тұратын әкімшілік-аумақтық бірлік үшін осы регламенттің 5-тармағының ережелерін ескере отырып, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары жіберген әрбір елді мекеннен кемінде бір өкіл қамтамасыз етіледі.

2-тaraу. Жергілікті қоғамдастық жиналышына шақыруды жүргізу тәртібі

7. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

ауылдық округ (кент) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансфертер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің жиырма пайызынан аспайтын көлемде қаражат бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражаты игерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалған кезде бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлінген жағдайда, ауылдық округ (кент) бюджетін түзетуді келісу;

ауылдық округтің (кенттің) коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдық округ (кент) әкімі аппаратының шешімдерін келісу;

ауылдық округ (кент) бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ (кент) бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдық округ (кент) коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (кушін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша ұсынымдар беруді көздейтін атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін,

азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ (кент) әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумактарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелерін талқылау.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 17.07.2024 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Жиналысты ауылдық округ (кент) әкімі дербес не жиналыс мүшелерінің кемінде он пайзының бастамасы бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылады және өткізіледі.

Жиналыстың бастамашылары күн тәртібін көрсете отырып, тиісті әкімге еркін нысанда жазбаша өтініш жасайды.

Ауылдық округ (кент) әкімі үш жұмыс күні ішінде жазбаша өтінішті қарайды және шақырылымның орны мен уақытын көрсете отырып, жиналысты шақыру туралы шешім қабылдайды.

9. Заңның 39-3-бабы 3-тармағы 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Ауылдық округ (кент) әкімінің аппараты жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жазбаша түрде, электрондық құжат нысанында (электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қуәланырылған) немесе құжаттардың электрондық көшірмесін жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жиналыстың мүшелеріне және ауылдық округ (кент) әкіміне ұсынады.

10. Жиналысты шақыру алдында ауылдық округ (кент) әкімінің аппараты жиналысқа қатысуши мүшелерді тіркеуді өткізеді, оның нәтижесін ауылдық округ (кент) әкімі немесе ол уәкілеттік берген адам жиналысты шақыру басталғаннан бұрын жариялайды және жиналыстың хаттамасына шақыруды өткізу орны мен уақытын көрсете отырып енгізеді.

Жиналысты шақыру оған жиналыс мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

11. Жиналысты шақыруды ауылдық округ (кент) әкімі немесе ол уәкілеттік берген адам ашады.

Жиналысты шақыруды жүргізу үшін ашық дауыс беру арқылы жиналыстың төрағасы мен хатшысы сайланады.

12. Жиналыстың күн тәртібін ауылдық округ (кент) әкімінің аппараты жиналыс мүшелері, тиісті әкім енгізген ұсыныстар негізінде қалыптастырады.

Күн тәртібіне өткен жиналыстарды шақыруда қабылданған шешімдер барысы және (немесе) орындалуы туралы мәселелер қосылады.

Жиналысты шақырудың күн тәртібі оны талқылау кезінде толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

Жиналысты шақырудың күн тәртібін жиналыс бекітеді.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру жеке өткізіледі. Егер оған жиналыс мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, мәселе күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

13. Жиналысты Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ мәселелері жиналысты шақыруда қаралатын жеке және заңды тұлғалардың өкілдері шақырылады. Сондай-ақ жиналысты шақыруға Жаңақорған ауданы мәслихатының депутаттары, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатыса алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шақырылған адамдар жиналыстың мүшелері болып табылмайды және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

14. Жиналысты шақыруларда баяндамалар, қосымша баяндамалар, жарыссөзде сөйлеу үшін және жиналысқа шақыруды өткізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу регламентін төраға айқынтайтының тәртібінде жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұрақтарға жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, жиналыс төрағасы оның сөзін тоқтатады немесе шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Жиналыс мүшесі бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыссөздердегі жиналыс мүшелерінің сауалдары, түсіндіру және сұрақтарға жауап беру үшін сөйлеулері сөз сөйлеу деп есептелмейді. Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе ауызша түрде қойылады. Жазбаша сұрақтар жиналыс төрағасына беріледі және жиналыс шақырылымында жарияланады.

Жиналыс төрағасы өз бастамасы бойынша немесе жиналыс мүшелерінің дәлелді ұсыныстары бойынша үзілістер жариялай алады.

Жиналыстың соңында жиналыстың мүшелеріне қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыссөз болмайды.

3-тарау. Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімдер қабылдау тәртібі

15. Жиналыс өз өкілеттігі шеңберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыстың өткізілетін күні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысушылардың саны және олардың аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі көрсетілген тізімі;
- 4) жиналыс төрағасы мен хатшысының аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі;
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттама, ауылдық округ (кент) әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімін қамтитын жағдайларды қоспағанда, жиналыс өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ (кент) әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасына жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде Жаңақорған ауданы мәслихатының қарауына беріледі.

16. Жиналыс қабылдаған шешімдерді ауылдық округ (кент) әкімі қарайды және ауылдық округ (кент) әкімінің аппараты бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жиналыс мүшелеріне жеткізеді.

17. Ауылдық округ (кент) әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен келіспейтінін білдірген жағдайда, тиісті мәселелер осы регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ (кент) әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселе Жаңақорған ауданының әкімі шешіледі.

Ол үшін ауылдық округ (кент) әкімі, жергілікті қоғамдастық жиналысында келіспеушілік тудырған мәселелерді қайтадан талқылағаннан кейін, екі жұмыс күні ішінде Жаңақорған ауданының әкімі және Жаңақорған ауданы мәслихатының отына осы жиналыстың хаттамасын жолдайды.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мен ауылдық округ (кент) әкімі арасында келіспеушілік тудырған мәселелер Жаңақорған ауданы мәслихатының таяудағы сессия отырысында қаралып және олар бойынша мәслихат шешімі қабылданғаннан кейін, Жаңақорған ауданының әкімі бес жұмыс күні ішінде тиісті шешім қабылдайды.

18. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар өкілеттіктері шегінде жиналысты шақыруда қабылданған және ауылдық округ (кент) әкімі мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

19. Жиналысты шақыруда қабылданған шешімдерді ауылдық округ (кент) әкімінің аппаратымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен таратылады.

4-тaraу. Жергілікті қоғамдыстық жиналысы шешімдерінің орындалуын бақылау

20. Жиналыста жүйелі түрде жиналыстың шешімдерін орындауға жауапты адамдардың ақпараттары тыңдалады.

21. Шешімдерді орындаған немесе сапасыз орындаған жағдайда, тиісті ақпарат хаттамаға енгізіледі, оны жиналыстың төрағасы Жаңақорған ауданының әкіміне немесе жиналыстың шешімін орындауға жауапты лауазымды адамның жоғары тұрган басшыларына жолдайды.

Қабылданған шешімдер қайта орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда, жиналыс Жаңақорған ауданының әкімі немесе тиісті лауазымды адамдардың жоғары тұрган басшылары алдында лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселеге бастамашылық жасайды.